Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

ұзартатын препараттарға сезімталырақ болуы мүмкін. Сондықтан, аталған топтарда ципрофлоксацинді қоса фторхинолондарды қолданғанда сақтық таныту керек.

Гипогликемия

Басқа хинолондармен жағдайдағы сияқты, гипогликемия қант диабеті бар пациенттерде жиірек, көбінесе егде жастағы пациенттерде білінді. Қант диабеті бар пациенттердің барлығына қандағы глюкоза деңгейін мұқият бақылау ұсынылады.

Асқазан-ішек жолы

Емдеу кезінде немесе емдеуден кейін (тіпті, емдеуден кейін бірнеше аптадан соң) ауыр және тұрақты диареяның туындауы дереу емдеуді қажет ететін антибиотикпен астасқан колитті (өмірге қауіпті, өлімге соқтыруы мүмкін) білдіруі мүмкін. Ондай жағдайларда ципрофлоксацинді қабылдауды дереу тоқтату және тиісінше ем қолдануды бастау қажет. Бұл жағдайда, перистальтиканы бәсеңдететін дәрілік заттарды қолдануға болмайды.

Фотосезімталдық

Ципрофлоксацин фотосезімталдық реакциясын туғызатыны дәлелденді. Ципрофлоксацинді қабылдап жүрген пациенттерге емделу кезінде өткір күн сәулесінен немесе ультракүлгін сәуледен қорғану керек.

Орталық жүйке жүйесі (ОЖЖ)

Ципрофлоксацин, басқа хинолондар сияқты, құрысуларды туғызатыны немесе құрысуға дайындық шегін төмендететіні белгілі. Эпилепсия статусы жағдайлары туралы хабарланды. Құрысулардың туындауы мүмкіндігіне бейімдейтін ОЖЖ бұзылыстары бар пациенттерде Ципрофлоксацинді сақтықпен қолдану керек. Құрысулар туындаған жағдайда, ципрофлоксацинді қабылдауды тоқтатады.

Психоздық реакциялар, тіпті, ципрофлоксацинді алғаш қабылдаудан кейін де туындауы мүмкін. Сирек жағдайларда депрессия немесе психоз суицид әрекеттеріне / суицидпен немесе суицидке әрекеттенумен аяқталған ойларға дейін үдеуі мүмкін. Ондай жағдайларда ципрофлоксацинді қабылдауды тоқтату керек.

Ципрофлоксацинді қабылдаған пациенттерде, полинейропатия жағдайлары (бөлек-бөлек немесе бірге туындаған ауыру, ашыту сезімі, сенсорлық бұзылыстар немесе бұлшықет әлсіздігі сияқты неврологиялық симптомдардың негізінде) байқалды.

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Нейропатия симптомдары, атап айтқанда, ауыру, ашыту сезімі, шаншу сезімі, ұю және/немесе әлсіздік бар пациенттер қайтымсыз жай-күйлердің дамуының алдын алу мақсатында, Ципронатинді қабылдауды тоқтатуы керек.

Бүйрек және несеп шығару жүйесі

Ципрофлоксацинді қолданумен байланысты кристаллурия туралы хабарланды. Ципрофлоксацинді қабылдап жүрген пациенттер сұйықтықты жеткілікті мөлшерде қабылдауы және несептің шамадан тыс сілтіленуінен сақтануы керек.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Ципрофлоксацин организмнен, негізінен, бүйрек арқылы өзгеріссіз күйде шығарылатындықтан, ципрофлоксациннің жинақталуы салдарынан жағымсыз дәрілік реакцияларды артуын болдырмау мақсатында бүйрек функциясының бұзылулары бар пациенттер үшін дозасына түзету жүргізу қажет.

Егде жастағы пациенттерде бүйрек функциясы төмендейтіндіктен, дозасын түзеткенде сақтық таныту керек. Бүйрек және бауыр функциясының бұзылуы болған жағдайда, дозасын сақтықпен төмендету керек.

Гепатобилиарлық жүйе

Ципрофлоксацинді қолданғанда бауыр некрозы мен пациенттің өміріне қауіп төндіретін бауыр жеткіліксіздігі дамыған жағдайлар туралы хабарланды. Бауыр ауруының қандай-да бір симптомдары (анорексия, сарғаю, несептің қараюы, қышыну немесе алдыңғы құрсақ қуысының ширығуы сияқты) пайда болған жағдайда, емдеуді тоқтату керек.

Глюкоза-6-фосфат дегидрогеназа тапшылығы

Ципрофлоксацинді қолданғанда глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа тапшылығы бар пациенттердегі гемолиздік реакциялар туралы хабарланды. Бұл пациенттер, ықтимал пайдасы ықтимал қаупінен асып түсетін жағдайлардан басқасында, ципрофлоксацинді қолданбауы керек. Мұндай жағдайда гемолиздің пайда болуы мүмкіндігін қадағалау керек.

Резистенттілік

Ципрофлоксацинмен емдеу курсы кезінде немесе емдеуден кейін клиникалық тұрғыдан анықталған суперинфекциямен немесе онсыз резистентті бактериялар бөлініп шығуы мүмкін. Ұзақ емдеу курстары кезінде және ауруханаішілік инфекцияларды және/немесе, *Staphylococcus* және *Pseudomonas* түрлерінен туындаған инфекцияларды емдегенде

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

ципрофлоксацинге резистентті бактериялардың бөлініп шығуының белгілі бір қаупі бар.

P450 цитохромы

Ципрофлоксацин CYP1A2 бәсеңдетеді және сондықтан да, бір мезгілде тағайындалған, осы фермент арқылы метаболизденетін заттардың (мысалы, теофиллин, клозапин, оланзапин, ропинирол, тизанидин, дулоксетиннің) қан сарысуындағы концентрациясының жоғарылауын туғызуы мүмкін. Ципрофлоксацин мен тизанидинді бір мезгілде қолдануға болмайды. Сондықтан, артық дозалануының клиникалық белгілерін анықтау үшін, аталған заттарды ципрофлоксацинмен бір мезгілде қабылдап жүрген пациенттерді мұқият қадағалау керек, сондай-ақ, қан сарысуындағы концентрацияларын (мысалы, теофиллиннің) анықтау қажет болуы мүмкін.

Метотрексат

Ципрофлоксацин мен метотрексатты бір мезгілде қабылдау ұсынылмайды.

Зертханалық талдаулардың нәтижелеріне әсері

Ципрофлоксацин *in vitro*, микобактериялар өсіріндісінің көбеюін бәсеңдету жолымен, *Mycobacterium tuberculosis* екпесі нәтижелеріне ықпал етуі мүмкін, бұл ципрофлоксацинді қабылдап жүрген пациенттерде екпе талдауының жалған теріс нәтижелеріне алып келуі мүмкін.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Басқа препараттардың ципрофлоксацинге ықпалы

QT аралығын ұзартатын препараттар

Басқа фторхинолондар сияқты, Ципрофлоксацинді, QT аралығын ұзартатын препараттарды (мысалы, IA және III класты антиаритмиктер, трициклдық антидепрессанттар, макролидтер, антипсихотиктер) қабылдап жүрген пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Хелаттайтын кешеннің түзілуі

Ципрофлоксацин (пероральді) мен мультивалентті құрамында катион бар дәрілерді және минералды қоспаларды (мысалы, кальций, магний, алюминий, железо), полимерлік фосфат- байланыстыратын препараттарды (мысалы, севеламер немесе лантан карбонаты), сукральфатты немесе құрамында магний, алюминий немесе кальций бар антацидтер мен жоғары буферлі дәрілерді (диданозин таблеткалары) бір мезгілде қолдану, ципрофлоксациннің сіңуін төмендетеді. Сәйкесінше, ципрофлоксацинді, не препаратты қолданудың алдында 1-2 сағат бұрын немесе, қолданғаннан

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

кейін кемінде 4 сағаттан соң қабылдау керек. Бұл шектеу H2 рецепторының блокаторлары класына жататын антацидтерге қатысты емес.

Тамақ және сүт өнімдері

Диеталық кальций тамақтың бір бөлігі ретінде, сіңуіне болар-болмас әсер етеді. Алайда, ципрофлоксациннің сіңуі төмендеуі мүмкіндігіне байланысты, тек сүт өнімдерін немесе минералдарға бай сусындарды (сүт, йогурт, кальциймен байытылған апельсин шырыны) ципрофлоксацинмен бірге қабылдамау керек.

Пробенецид

Пробенецид ципрофлоксациннің бүйрек арқылы бөлініп шығуына кедергі келтіреді. Қан сарысуындағы пробенецид пен ципрофлоксацинді бірге қолдану ципрофлоксацин концентрациясын жоғарылатады.

Метоклопрамид

Метоклопрамид ципрофлоксациннің (пероральді) сіңуін жеделдетеді және плазмадағы ең жоғарғы концентрацияларына қысқарақ мерзімдерде жетуін туғызады. Алайда, ципрофлоксациннің биожетімділігіне ықпалы байқалмады.

Омепразол

Ципрофлоксацин мен құрамында омепразол бар дәрілік препараттарды бірге қабылдау, ципрофлоксациннің қан плазмасындағы ең жоғарғы концентрациялары (C_{max}) мен қисық астындағы ауданының (AUC) аздап төмендеуіне алып келеді.

Ципрофлоксациннің басқа дәрілік препараттарға ықпалы

Тизанидин

Құрамында тизанидин бар дәрілік препараттарды ципрофлоксацинмен бір мезгілде қолдануға болмайды. Дені сау еріктілердегі клиникалық зерттеуде, ципрофлоксацинмен бір мезгілде қабылдағанда қан сарысуындағы тизанидин концентрациясының жоғарылағаны (C_{max} жоғарылауы: 7 есе, ауқымы: 4-тен 21 есеге дейін; AUC жоғарылауы: 10 есе, ауқымы: 6-дан 24 есеге дейін) байқалды. Сарысудағы концентрациясының жоғарылауымен байланысты гипотензиялық және седативтік әсерлерінің күшейгені байқалған.

Метотрексат

Метотрексаттың бүйрек өзекшелері арқылы тасымалдануына ципрофлоксацинді бірге қолдану кедергі келтіруі мүмкін, ол қан

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

плазмасындағы метотрексат деңгейінің жоғарылауына және метотрексатпен байланысты уытты реакциялар қаупінің жоғарылауына алып келуі ықтимал. Ципрофлоксацинді метотрексатпен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды.

Теофиллин

Ципрофлоксацин мен құрамында теофиллин бар дәрілік препараттарды бір мезгілде қабылдау қан сарысуындағы теофиллин концентрациясының қолайсыз жоғарылауын туғызуы мүмкін. Бұл теофиллиннен туындайтын жағымсыз әсерлерге алып келуі мүмкін, және аса сирек жағдайларда, ол жағымсыз әсерлер өмірге қауіп төндіруі немесе өлімге соқтыруы мүмкін. Егер аталған препараттарды бір мезгілде қолданбауға мүмкіндік болмаса, қан сарысуындағы теофиллин концентрациясын бақылап отыру және теофиллиннің дозасын төмендету керек.

Ксантиннің басқа туындылары

Ципрофлоксацинді кофеинмен немесе пентоксифилинмен (окспентифилин) бір мезгілде қолданғанда, ксантин туындыларының сарысудағы концентрациялары жоғарылайды.

Циклоспорин

Ципрофлоксацин мен құрамында циклоспорин бар дәрілік препараттар бір мезгілде қолданылған кезде сарысудағы креатинин концентрацияларының уақытша жоғарылауы байқалған. Сондықтан, аталған пациенттерде сарысудағы креатинин концентрациясын жиі (аптасына екі рет) бақылап отыру қажет.

К дәруменінің антагонистері

Ципрофлоксацинді К дәруменінің антагонисімен бір мезгілде қабылдау оның антикоагулянттық әсерін арттыруы мүмкін. Қауіп негізгі инфекцияға, пациенттің жас шамасы мен жалпы статусына байланысты әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан, ципрофлоксациннің халықаралық қалыптастырылған қатынас жоғарылауына үлесін бағалау қиын, ципрофлоксацинді К дәруменінің антагонисімен (мысалы, варфарин, аценокумарол, фенпрокумон немесе флуиндион) қатарлас қабылдау кезінде және қабылдаудан кейін көп ұзатпай (ХҚҚ) жиі тексеріп отыру керек.

Дулоксетин

Клиникалық зерттеулер, дулоксетинді флувоксамин сияқты СYP450 1A2 изоферментінің күшті тежегіштерімен бір мезгілде қолдану дулоксетиннің АUC пен Cmax артуына алып келуі мүмкіндігін көрсетті. Ципрофлоксацинмен өзара әрекеттесуі мүмкіндігі туралы клиникалық

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

деректердің жоқтығына қарамастан, бір мезгілде қабылдағанда ұқсас әсерлерді күтуге болады.

Ропинирол

Клиникалық зерттеуде, ропиниролды CYP450 1A2 изоферментінің орташа тежегіші ципрофлоксацинмен бір мезгілде қолдану, ропиниролдың C_{max} пен AUC сәйкесінше 60% және 84%-ға жоғарылауына алып келетіндігі көрсетілді. Ципронатинмен бірге қабылдау кезінде және одан кейін көп ұзамай, ропиниролмен байланысты жағымсыз әсерлерді мониторингілеу, және дозасын тиісінше түзету ұсынылады.

Лидокаин

Құрамында лидокаин бар дәрілік препараттарды 1A2 CYP450 изоферментінің орташа тежегіші ципрофлоксацинмен қолдану, венаішілік лидокаиннің клиренсін 22%-ға төмендетеді. Лидокаинмен емдеудің жағымдылығы жақсы екендігіне қарамастан, ципрофлоксацинмен өзара әрекеттесу мүмкіндігі, бірге қолданғанда орын алуы мүмкін жағымсыз әсерлермен байланыстырылады.

Клозапин

250 мг ципрофлоксацинді клозапинмен 7 күн бойы бірге қолданғанда клозапин мен N-десметиклозапиннің сарысудағы концентрациялары сәйкесінше 29% және 31%-ға артқан. Ципронатинмен бірге қабылдау кезінде және одан кейін тез арада клиникалық қадағалау жүргізу және клозапиннің дозасын тиісінше түзету ұсынылады.

Силденафил

Дені сау субъектілерде 500 мг ципрофлоксацинмен бірге 50 мг ішке қабылдағаннан кейін силденафилдің қан плазмасындағы ең жоғарғы концентрациялары мен қисық астындағы ауданы шамамен 2 есе жоғарылаған. Сондықтан, Ципронатинді силденафилмен бір мезгілде қолданғанда, қауіптері мен пайдасын ескере отырып, сақтық таныту керек.

Фенитоин

Ципрофлоксацинді фенитоинмен бір мезгілде қабылдап жүрген пациенттерде, қан сарысуындағы фенитоин деңгейінің өзгерістері (жоғарылағаны немесе төмендегені) байқалды. Сондықтан, препараттардың қан сарысуындағы деңгейлерін бақылап отыру ұсынылады.

Агомелатин

Клиникалық зерттеулерде, CYP450 1A2 изоферментінің күшті тежегіші болып табылатын флувоксаминнің, агомелатин метаболизмін елеулі

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

бәсеңдететіндігі көрсетілді, ол агомелатин экспозициясының 60 есе жоғарылауына алып келеді. СҮР450 1А2 орташа тежегіші ципрофлоксацинмен өзара әрекеттесуі мүмкіндігі туралы клиникалық деректердің жоқтығына қарамастан, бір мезгілде қабылдағанда ұқсас әсерлерді күтуге болады.

Золпидем

Ципрофлоксацинді бірге қолдану золпидемнің қандағы деңгейлерін арттыруы мүмкін, сондықтан, бір мезгілде пайдалану ұсынылмайды.

Арнайы ескертулер

Педиатрияда қолданылуы

Балаларда қолданғанда ұсынылатын дозалары кестеде берілген

Қолданылуы	Тәуліктік мг дозасы	Емнің жалпы ұзақтығы (бастапқыда ципрофлоксацинмен парентеральді емдеуді қоса алғанда)
Муковисцидоз	Ең жоғарғы бір реттік 750 мг дозасымен тәулігіне екі рет 20 мг/кг	10 - 14 күн
Несеп шығару жолдарының асқынған инфекциялары, пиелонефрит	Ең жоғарғы бір реттік 750 мг дозасымен тәулігіне екі рет 10 - 20 мг/кг	10 - 21 күн

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Сібір жарасының өкпелік түрінің жанасудан кейінгі профилактикасы мен емін, пероральді жолмен емдеуге мүмкіндік болған жағдайда, клиникалық тұрғыдан талапқа сай болса, күдікті немесе расталған жанасудан кейін барынша тезірек бастау керек.	Ең жоғарғы бір реттік 500 мг дозасымен тәулігіне екі рет 10 – 15 мг/кг	Bacillus anthracis жұқтырылғаны расталған сәттен бастап 60 күн
Басқа ауыр инфекциялар	Ең жоғарғы бір реттік 750 мг дозасымен тәулігіне екі рет 20 мг/кг	Инфекцияның типіне байланысты

Жүктілік немесе лактация кезінде

Бала туатын жастағы әйелдер / Контрацепция

Ципрофлоксациннің бала туатын жастағы әйелдерде қолданылуы жөнінде деректер шектеулі. Препаратты қолданғанда сақтық таныту және талапқа сай контрацепция әдістерін пайдалану керек.

Жүктілік

Ципрофлоксациннің жүкті әйелдерде қолданылуы жөніндегі деректер мальформациялардың немесе фето/неонатальді уыттылығының дамуы болмағанын көрсетіп отыр. Хинолондардың әсеріне ұшыраған ювенильді және пренатальді жануарларда жетілмеген шеміршекке әсері байқалғандықтан, препараттың жетілмеген адам / шарана организмінде буын шеміршегінің зақымдануын туғызуы мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды.

Сақтық шарасы ретінде, ципрофлоксацинді жүктілік кезінде қолданбаған дұрыс.

Бала емізу

Ципрофлоксацин емішек сүтімен бөлініп шығады. Буындардың зақымдану қаупінің ықтималдығына байланысты, бала емізу кезінде Ципронатинді (ципрофлоксацинді) қолдану ұсынылмайды.

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Ципронатин жүйке жүйесі тарапынан жағымсыз реакцияларды туғызуы және сол себепті, көлік құралдары мен механизмдерді басқару қабілетін бұзуы мүмкін.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалану режимі

Дозасы пациенттің ауруына, ауырлық дәрежесіне, инфекцияның орнығуына, қоздырғышының ципрофлоксацинге сезімталдығына, бүйрек функциясына, ал балалар мен жасөспірімдерде - дене салмағына байланысты анықталады.

Емдеу ұзақтығы аурудың ауырлығына, клиникалық ағымына және қоздырғышының түріне тәуелді.

Белгілі бір бактериялардан (мысалы, *Pseudomonas aeruginosa*, *Acinetobacter* немесе *Staphylococci*) туындаған инфекцияларды емдегенде, ципрофлоксациннің жоғарырақ дозалары және бактерияға қарсы басқа дәрілермен бірге қолдану қажет болуы мүмкін.

Сонымен қатар, кейбір инфекцияларды (мысалы, кіші жамбас ағзаларының қабыну ауруларын, құрсақішілік инфекцияларды, нейтропениясы және сүйектер мен буындардың инфекциялары бар пациенттердегі инфекцияларды) емдеу, қоздырғышының түріне байланысты, бактерияға қарсы басқа қатарлас дәрілермен бірге қолдануды қажет етуі мүмкін.

Ересектер

Қолданылуы	Тәуліктік мг дозасы	Емнің жалпы ұзақтығы (бастапқыда ципрофлоксацинмен парентеральді емдеуді қоса алғанда)
-------------------	----------------------------	---

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Төменгі тыныс жолдарының инфекциялары - Муковисцидоз немесе төменгі тыныс жолдарының инфекциялары - Пневмония		500 - 750 мг тәулігіне екі рет	7 күннен 14 күнге дейін
Несеп шығару жолдарының инфекциялары	Несеп шығару жолдарының асқынған инфекциялары	500 мг тәулігіне екі рет	7 күн
	Пиелонефрит	Тәулігіне екі рет 500 - 750 мг	кемінде 10 күн, кей жағдайларда (мысалы, абсцестер кезінде) 21 күннен артық қолдануға болады
Жыныс жолдарының инфекциялары	Гонококтық уретрит және цервицит	Бір реттік дозасы түрінде 500 мг	1 күн (бір реттік дозасы)
	Эпидидимоорхит және жамбас буынының қабыну аурулары	Тәулігіне екі рет 500 - 750 мг	14 күннен кем емес
	Простатит	Тәулігіне екі рет 500 - 750 мг	2 аптадан 4 аптаға дейін (жедел) 4-6 аптаға дейін (созылмалы)
Асқазан-ішек жолының инфекциялары және интраабдоминальді инфекциялар	1 типті <i>Shigella dysenteriae</i> басқа, <i>Shigella</i> spp. қоса, бактериялық инфекциядан туындаған диарея және саяхатшылар диареясының ауыр түрінің эмпирикалық емі	500 мг тәулігіне екі рет	1 күн
	<i>Shigella dysenteriae</i> тудырған 1 типті диарея	Тәулігіне екі рет 500 мг	5 күн
	<i>Vibrio cholerae</i> тудырған диарея	Тәулігіне екі рет 500 мг	3 күн
	Іш сүзегі	Тәулігіне екі рет 500 мг	7 күн

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

	Граммгеріс бактериялардан туындаған құрсақшілік инфекциялар	Күніне екі рет 500 мг-ден күніне екі рет 750 мг дейін	5 күннен 14 күнге дейін
	Тері мен жұмсақ тіндердің инфекциялары	Тәулігіне екі рет 500 - 750 мг	7 күннен 14 күнге дейін
	Сүйектер мен буындардың инфекциялары	Тәулігіне екі рет 500 - 750 мг	3 айдан аспайды
	Бактериялық инфекциядан туындаған болуы ықтимал қызба кезіндегі нейтропениясы пациенттер. Ресми нұсқаулыққа сәйкес, ципрофлоксацинді бактерияға қарсы тиісінше препаратпен (препараттармен) бірге қолдану керек.	Тәулігіне екі рет 500 - 750 мг	Емдеу барлық нейтропения кезеңі бойына жалғасуы тиіс
	<i>Neisseria meningitidis</i> тудырған инвазивтік инфекциялардың профилактикасы үшін	Бір реттік дозасы түрінде 500 мг	1 күн (бір реттік доза)
	Сібір жарасының өкпелік түрінің жанасудан кейінгі профилактикасы мен емі, пероральді жолмен емдеуге мүмкіндік болған жағдайда, клиникалық тұрғыдан талапқа сай болса, күдікті немесе расталған жанасудан кейін барынша тезірек басталуы тиіс.	500 мг тәулігіне екі рет	<i>Bacillus anthracis</i> жұқтырылғаны расталған сәттен бастап 60 күн

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар

Балаларда қолданғанда ұсынылатын дозалары кестеде берілген

Қолданылуы	Тәуліктік мг дозасы	Емнің жалпы ұзақтығы (бастапқыда ципрофлоксацинмен парентеральді емдеуді қоса алғанда)
Муковисцидоз	Ең жоғарғы бір реттік 750 мг дозасымен тәулігіне екі рет 20 мг/кг	10 - 14 күн

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Несеп шығару жолдарының асқынған инфекциялары, пиелонефрит	Ең жоғарғы бір реттік 750 мг дозасымен тәулігіне екі рет 10 - 20 мг/кг	10 - 21 күн
Сібір жарасының өкпелік түрінің жанасудан кейінгі профилактикасы мен емін, пероральді жолмен емдеуге мүмкіндік болған жағдайда, клиникалық тұрғыдан талапқа сай болса, күдікті немесе расталған жанасудан кейін барынша тезірек бастау керек.	Ең жоғарғы бір реттік 500 мг дозасымен тәулігіне екі рет 10 – 15 мг/кг	<i>Bacillus anthracis</i> жұқтырылғаны расталған сәттен бастап 60 күн
Басқа ауыр инфекциялар	Ең жоғарғы бір реттік 750 мг дозасымен тәулігіне екі рет 20 мг/кг	Инфекцияның типіне байланысты

Егде жастағы пациенттер

Егде жастағы пациенттерде препаратты дозалауды аурудың ауырлығына және креатинин клиренсі көрсеткішіне байланысты жүргізу керек.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер үшін дозасын түзету қажет емес.

Бауыр функциясы бұзылған балаларда дозалануы зерттелмеді.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер үшін ұсынылатын бастапқы және демеуші дозалары

Креатинин клиренсі [мл/мин./л, 73 м ²]	Сарысудағы креатинин [мкмоль/л]	Пероральді дозасы [мг]
> 60	< 124	«Дозалану режимі» бөлімін қараңыз
30-60	124 - 168	Әр 12 сағат сайын 250-500 мг
< 30	> 169	Әр 24 сағат сайын 250-500 мг

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Гемодиализ жүргізілетін пациенттер	> 169	Әр 24 сағат сайын 250-500 мг (диализден кейін)
Перитонеальді диализ жүргізілетін пациенттер	> 169	Әр 24 сағат сайын 250-500 мг

Енгізу әдісі және жолы

Ішке қабылдауға арналған.

Таблеткаларды тұтастай, аздаған мөлшердегі сумен ішіп жұтады.

Препаратты ас ішу уақытына байланыссыз қабылдауға болады.

Препаратты ашқарынға қабылдағанда, белсенді заты жылдамырақ сіңеді.

Таблеткаларды сүт өнімдерімен немесе минералдарға бай сусындармен (мысалы, сүт, йогурт, кальциймен байытылған апельсин шырыны) бір мезгілде қабылдамау керек.

Егер пациенттің ауруының ауырлығы немесе басқа себептер (мысалы, егер пациент энтеральді қоректендіріліп жүрсе) ципрофлоксациннің қабықпен қапталған таблеткаларын қабылдауға мүмкіндік бермесе, ципрофлоксациннің венаішілік дәрілік түрімен емделуге көшу ұсынылады. Вена ішіне енгізгеннен кейін препараттың таблетка түрімен емделуді жалғастыруға болады.

Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар

Препаратты 12 г дозада қабылдау уыттылығының жеңіл симптомдарына алып келетіні хабарланды. 16 г шамадан тыс артық дозалану бүйректің жедел жеткіліксіздігімен қатар жүреді.

Артық дозалануы кезіндегі симптомдары бас айналуын, треморды, бас ауыруын, шаршауды, құрысуларды, елестеулерді, сананың шатасуын, абдоминальді жайсыздықты, бүйрек және бауыр жеткіліксіздігін, сондай-ақ, кристаллурия мен гематурияны қамтиды. Бүйректің қайтымды уыттылығы туралы хабарланды.

Әдеттегі шұғыл шаралардан бөлек, несептегі рН қоса, бүйрек функциясын бақылау ұсынылады, және шұғыл жағдайлардағы, медициналық көміртегін қолдану сияқты сақтық шараларын қоспағанда, қажет болған жағдайда, кристаллурияның алдын алу үшін несепті қышқылдандыру керек. Пациенттерге жеткілікті гидратация қажет. Құрамында кальций немесе магний бар антацидтер, артық дозаланған кезде ципрофлоксациннің сінуін төмендетуі мүмкін.

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Гемодиализ немесе перитонеальді диализ арқылы ципрофлоксациннің тек аздаған мөлшері (< 10%) шығарылады.

Артық дозаланған жағдайда, симптоматикалық ем жүргізу керек. QT аралығының ұзаруы мүмкіндігіне байланысты, ЭКГ мониторингін жүргізу қажет.

Дәрілік препараттың бір немесе бірнеше дозасын өткізіп алған жағдайда қажетті шаралар

Препараттың өткізіп алған қабылдануының орнын толтыру үшін қосарлы дозасын қабылдамау керек.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіну үшін медицина қызметкерінен кеңес алуға бару жөнінде нұсқаулар

Осы дәрілік препаратты қолдану жөнінде қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, дәрігердің немесе фармацевттің кеңесіне жүгіну керек.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар

Жиі ($\geq 1/100$ - < $1/10$ дейін)

- жүрек айнуы, диарея

Жиі емес ($\geq 1/1000$ - < $1/100$ дейін)

- зеңдік суперинфекциялар

- эозинофилия

- тәбеттің төмендеуі

- психомоторлық гиперактивтілік / қозу

- бас ауыруы, бас айналуы, ұйқы бұзылулары, дәм сезудің бұзылуы

- құсу, асқазан-ішектік және абдоминальді ауыру, диспепсия, метеоризм

- трансаминазалардың жоғарылауы, билирубин жоғарылауы

- бөртпе, қышыну, есекжем

- бұлшықет-қаңқа ауыруы (мысалы, аяқ-қолдардың, арқаның, кеуденің ауыруы), артралгия

- бүйрек жеткіліксіздігі

- астения, қызба

- қандағы сілтілік фосфатазаның жоғарылауы

Сирек ($\geq 1/10000$ - < $1/1000$ дейін)

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- лейкопения, анемия, нейтропения, лейкоцитоз, тромбоцитопения, тромбоцитемия
- аллергиялық реакция, аллергиялық ісіну /ангионевроздық ісіну
- гипергликемия, гипогликемия
- сананың шатасуы және бағдарсыздық, үрей реакциясы, аномальді түстер көру, депрессия (суицидтік идеяларға/ойларға немесе өзі-өзі өлтіруге әрекеттенулерге немесе өзін-өзі өлтіруге әкеп соқтыруы ықтимал), елестеулер
- парестезиялар, дизестезия, гипоастения, тремор, құрысулар (эпилепсия статусын қоса), бас айналуы
- көрудің бұзылулары (мысалы, диплопия)
- құлақтағы шуыл, естімей қалу / естудің нашарлауы
- тахикардия
- вазодилатация, гипотензия, естен тану
- еңтігу (демiкпе жағдайларын қоса)
- антибиотикпен астасқан колит (өте сирек жағдайда, өлімге соқтыруы мүмкін)
- бауыр жеткіліксіздігі, холестаздық атеросклероз, гепатит
- фотосезімталдық реакциялары
- миалгия, артрит, бұлшықет тонусының жоғарылауы және құрысулар
- бүйрек жеткіліксіздігі, гематурия, кристаллурия, тубулоинтерстициальді нефрит
- ісінулер, тершендік (гипергидроз)
- амилазаның жоғарылауы

Өте сирек (< 1/10000)

- гемолиздік анемия, агранулоцитоз, панцитопения (өмірге қауіп төндіретін), сүйек кемігінің бәсеңдеуі (өмірге қауіп төндіретін)
- анафилаксиялық реакция, анафилаксиялық шок (өмірге қауіп төндіретін), сарысу құю ауруы
- психоздық реакциялар (суицидтік идеяларға/ойларға немесе өзін-өзі өлтіруге әрекеттенулерге немесе өлтіруге алып келуі ықтимал)
- бас сақинасы, қимыл-қозғалыс үйлесімінің бұзылуы, жүріс-тұрыстың бұзылуы, иіс сезудің бұзылуы, бассүйекішілік гипертензия
- Түстерді ажыратудың бұзылуы
- васкулит
- панкреатит

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- бауыр некрозы (өте сирек жағдайда, өмірге қауіп төндіретін бауыр жеткіліксіздігіне дейін үдейді)
- Петехиялар, көп формалы эритема, түйінді эритема, Стивенс-Джонсон синдромы (өмірге қауіп төндіруі ықтимал), уытты эпидермалық некролиз (өмірге қауіп төндіруі ықтимал)
- бұлшықет әлсіздігі, тендинит, сіңірлердің үзілуі (көбінесе, ахилл сіңірінің), гравис миастениясы симптомдарының өршуі

Белгісіз (қолда бар деректердің негізінде бағалау мүмкін емес)

- мания, соның ішінде гипомания
- шеткері нейропатия және полинейропатия
- қарыншалық аритмия және torsades de pointes (көбінесе, QT ұзаруының қауіп факторлары бар пациенттерде хабарланған), ЭКГ-да QT ұзаруы
- жедел жайылған экзантемалық пустулез (AGEP), эозинофилиямен және жүйелі симптомдармен жүретін дәрілік реакция (DRESS синдром)
- халықаралық қалыптастырылған қатынастың (ХҚК) жоғарылауы (К дәруменінің антагонистерін қабылдап жүрген пациенттерде)

Балалар

Жоғарыда аталған артропатияның туындау жиілігі, ересектер қатысқан зерттеулерден жинақталған деректерге қатысты. Балаларда артропатия жиі кездесетіні хабарланған.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындағанда медициналық қызметкерге, фармацевтикалық қызметкерге немесе, дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға болатын жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласу керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді зат – 583 мг немесе 874,5 мг ципрофлоксацин гидрохлориді (500 мг немесе 750 мг ципрофлоксацинге баламалы)

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

қосымша заттар: жүгері крахмалы, микрокристалды целлюлоза (рН 102), кросповидон, аэросил 200, магний стеараты

үлбірлі жабыны: *Опадри Ақ***, метанол***, метиленхлорид***

***қабық құрамы:* метилгидроксипропилцеллюлоза, полиэтиленгликоль 4000, титанның қостотығы Е171

*** - ақырғы өнімде болмайды.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Ұзынша пішінді, екі жағында сындыру сызығы бар, ақ түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар (500 мг доза үшін).

Ұзынша пішінді, екі жағы тегіс, ақ түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар (750 мг доза үшін).

Шығарылу түрі және қаптамасы

7 таблеткадан алюминий фольга мен поливинилхлорид үлбірден жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынған.

2 пішінді ұяшықты қаптама медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картоннан жасалған қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

4 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Құрғақ жерде, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәліметтер

Атабай Илач Фабрикасы А.С.

Acibadem, Koftuncu sok. No:1

34718 Kadıkoу, Стамбул, Түркия

тел: +90 (216) 326 69 65

факс: +90 (216) 340 13 77

info@atabay.com

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Тіркеу қуәлігінің ұстаушысы
АТАБАЙ КИМБЯ САН. ВЕ ТИДЖ. А.С
Acibadem, Koftuncu sok. No:1
34718 Kadıkoy, Стамбул, Түркия
тел: +90 (216) 326 69 65
факс: +90 (216) 340 13 77
info@atabay.com

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)
«Управляющая компания WHITE SAIL» ЖШС
Алматы қ., 1 ш. а., 61/1 үй, Қазақстан Республикасы
тел: +7 777 727 27 07
Электронды пошта: whitesail20@mail.ru

Шешімі: N054177

Шешім тіркелген күні: 12.07.2022

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Байсеркин Б. С.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Решение: N054177

Дата решения: 12.07.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе